

САРАПТАМА



Жыл қорытындысы:
БІР ЖЫЛ,
ТӨРТ БАҒДАР

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №109 (6560) 24 желтоқсан, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz



ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА

ЕРТЕГІДЕЙ ҒАЖАП КӨРІНІС

Алматыда 80 шыршаның шамы жағылды



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жаңажылдық шыршаның шамы жағылған кезде, ақ мамықтай ұлпа қар баяу жерге қонып жатты. Әрбір қар ұшқыны аспаннан тербеліп түсіп, жерді ақ көрпеге орап жатқандай...

Алматының Абай алаңында басты жаңажылдық шыршаның шамы жағылды. Қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше көңіл күй сыйлаған мегаполис шыршасы биыл алғаш рет классикалық стильде жасалып, қаңқалы емес, табиғи діңнен тұрғызылған. Биіктігі 25 метр болатын шыршаны безендіру үшін алты метр гирлянда, түрлі-түсті шарлар мен жаңажылдық ойыншықтар қолданылған.

8 мыңнан астам алматылық пен мегаполис қонақтары қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен керемет шоуы тамашалады.

«Мен жас орындаушыларды қолдап, құттықтау үшін келдім. Шырша өте әдемі, бәрі тамаша ұйымдастырылған. Концерт те керемет өтті, ал қарлы ауа райы нағыз жаңажылдық көңіл күй сыйлады», – деді мегаполис тұрғыны Сергей Дмитриевич.

Концерттік бағдарламаны «BS band» үрмелі оркестрі ашып, жаңажылдық әуендерден попури орындады. Роза Рымбаеваның сахнаға шығуы ерекше мерекелік көңіл күй сыйлады. Халық әртісі «Снег идет» және «Жұлдызды жаңа жыл» әндерін орындап, кешті жылулық пен жағымды эмоцияға толтырды.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

@TazaQazBot цифрлық платформасы:

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

«Таза Қазақстан» экология болашағы үшін миллиондарды біріктірді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы сәуір айынан бастап республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алғаны белгілі. Іс-шара еліміздегі экологиялық ахуалды жақсартуға, халықтың экологиялық мәдениеті деңгейін арттыруға және азаматтарды қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне тартуға бағытталған. Акция еліміздің барлық өңірін қамтып, тұрақты экологиялық болашақ негізін қалады. Осы жылдың наурыз–қараша айлары аралығында ұйымдастырылған акция 5,83 млн.-нан астам адамның басын біріктірді, бұл – ел халқының едәуір бөлігін құрайды. Іс-шаралар аясында жашпай сенбіліктер өткізілді, олардың барысында 1,1 млн тоннадан астам қоқыс жиналып, 1,6 млн.-нан астам ағаш отырғызылды. Мемлекеттік құрылымдар деңгейінде де, еріктілер мен жеке ұйымдарды қоса алғанда, жұртшылық арасында да белсенді түрде жұмыс жүргізілді.



РУҚСАТ ЕТІЛМЕГЕН ҚОҚЫС ҮЙІНДІЛЕРІМЕН, АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫМЕН КҮРЕС

«Таза Қазақстан» акциясы аясында заңсыз қоқыс үйінділерін анықтау бойынша рейдтер жүргізілді. Аумақтық экология департаменттерімен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп көптеген қоқыс орны жойылды.

«Таза ауа» рейдтері барысында экологиялық стандарттарды бұзудың 105 фактісі анықталды. 96 жүргізушіге айыппұл мен ескерту түріндегі әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылды. Бұл шаралар экологиялық нормаларды сақтаудың маңызды екенін көрсетеді, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

24.12.2024

Түнде:	-9-11 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.
Күндіз:	-2-4 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман.

25.12.2024

Түнде:	-10-12 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең тұман.
Күндіз:	-2-4 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең тұман.

26.12.2024

Түнде:	-10-12 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең тұман.
Күндіз:	-2-4 °C Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Түнде және таңертең тұман.

www.aqshamnews.kz



ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

@TazaQazBot цифрлық платформасы:

АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

«Таза Қазақстан» экология болашағы үшін миллиондарды біріктірді

(Басы 1-бетте)

Экологияны цифрлық қолдау

Жобаның ерекше жетістігі – азаматтарға экология саласындағы проблемалар туралы хабарлауға және оларды шешуге қатысуға мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасының құрылуы болды.

Жыл ішінде чат-бот арқылы 7929 өтінім келіп түсті. Олардың ішінде 7061 өтінім орындалды, 168-і орындалу сатысында, 23-і өңделуде және 674 өтінім жойылды. Олардың арасында ең жиі келіп түскен өтінімдер: аумақтарды тазалау – 2142 өтінім, тұрмыстық қоқысты шығару – 668 өтінім, көшелерді абаттандыру – 648 өтінім, жолдарды жөндеу бойынша – 595 өтінім.



«Таза Қазақстан» бастамасы аумақтарды тазалаудан әлдеқайда ауқымды міндеттерді қамтиды. Бұл – азаматтардың, бизнестің, мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың күш-жігерін біріктіретін, экологиялық тұрғыдан саналы өмір салтын насихаттайтын қозғалыс.

Өңірлер арасында Алматы көш бастап тұр – 2014 өтінім. Одан кейінгі орында Астана тұр – 1587 өтінім. Үшінші орында Қарағанды облысы – 757 өтінім. Бұл чат-бот экологиялық мәселелерді жедел шешуге ықпал ете отырып, азаматтар мен мемлекет арасындағы диалогтың тиімді құралына айналды.

Халықтың экологиялық мәдениетін дамыту тұжырымдамасы

Қол жеткізілген нәтижелерді нығайту және экологиялық сананы ұзақмерзімді перспективада қалыптастыру мақсатында «Халықтың экологиялық мәдениетін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Бұл құжат экологиялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды.

Тұжырымдаманың басымдықтарының бірі – жастарды экологиялық жобаларға тарту.

Тұжырымдаманың негізгі бағыты – азаматтардың белсенді қатысуына жағдай жасау. Өз тиімділігін дәлелдеген @TazaQazBot секілді цифрлық платформаларды дамытуға ерекше көңіл бөлінген. Одан бөлек, экологиялық нормалардың сақталуына және экологиялық стандарттардың енгізілуіне бақылау күшейтілуде. Келесі жылы тұрақты экологиялық басқару жүйесін құру үшін тұрақтандыру қорларының жұмысын күшейту көзделген. Аумақтарды көгалдандыру және абаттандыру бойынша ауқымды республикалық акциялар өткізу жоспарланған. Шығарындылар көлемін азайту және экологиялық стандарттарды бақылау үшін ведомствоаралық өзара іс-қимыл күшейтіледі. Цифрлық технологиялар мен медиа ресурстарды қоса алғанда, халыққа экологиялық білім беру бағдарламаларын дамыту көзделген. Бұл кешенді шаралар мен инновациялық технологияларды енгізудің арқасында еліміз экологиялық саулыққа, орнықты дамуға және болашақ ұрпақ үшін қолайлы орта құруға маңызды қадамдар жасап отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Primeminister.kz).

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«АЛМАТЫ – БАҚ-ҚАЛА» МӘРТЕБЕСІН ЖАҢҒЫРТУ



2023-2024 жылдары Алматыда 650 мыңға жуық ағаш пен бұта отырғызылды



Алдағы жылы биіктігі 4 және 6 метрден асатын 27 мың көшет отырғызу жоспарлануда.



Өткен 2 жылда 500 км автожуу желілері орнатылды, 2025 жылы тағы 290 км желілер орнатылады.



Алдағы жылы Алматы қаласының 2030 жылға дейінгі жаңа дендрологиялық жоспары жасалады.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«МЕЙІРІМДІ ҚАҚПАҚША»

Кәдімгі пластик қалдықтар өнер туындысына айналып шыға келді

Мегаполистері еңселі Молл Апорт East сауда орталығында «Мейірімді қақпақ» экологиялық акциясына белсене қатысқан жеткіншектердің еңбегі бағаланып, көпшілік алдында марапатталып, мерей тасыды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА



Іс-шара барысында бірегей бұйымдар қойылған эко-жәрмеңке, қалдықтарды қайта өңдеу бойынша шеберлік сабақтары және экологиялық тәжірибелер туралы оқыту сессиялары өтті.

Иә, республикалық «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Алматы қаласында пластикалық қақпақтарды жинау бойынша экологиялық акцияның бірінші маусымы сәтті аяқталды.

Экология мәселелеріне назар аударуға және жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған бұл бастама мектеп оқушыларын, балабақша балдырғандарын және олардың ата-аналарын бір арнаға тоғыстырды.

– Немерем қақпақ жинап жатырмыз дегесін отбасы мүшелері түгел атсалыстық. Бұл қақпақтарды іске асырып, ойыншықтар жасайды екен деп түсіндірді бізге. Балабақшаға сөйтіп үш-төрт рет жинап бердік. Өзі де қызығып, ішкелі отырған сусынымыздың қақпақтарын да дереу ашып алып, жинап қоятын. Бұл да балада жауапкершілік сезімін қалыптастырады деп ойлаймын. Міне, қызықты іс-шараға немереммен бірге мен де қатыстым, – дейді қаладағы №96 балабақшаның Адия есімді тәрбиеленушісінің апасы.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ортақ күш-жігердің арқасында қатысушылар 1,26 млн.-нан астам пластикалық қақпақ жинады. Акцияның көшбасшылары ретінде қаланың үш ауданы танылды. Олар: Жетісу ауданы – 570 кг (жалпы көлемнің 22,7%-ы); Алмалы ауданы – 484 кг (19,3%); Әуезов ауданы – 328 кг (13,0%).

– Біз бастауыш сынып оқушыларына бөлек, жоғары сынып оқушыларына бөлек орын дайындап қойдық. Балалар қақпақтарын сонда әкеліп жинады. Екі жақ та белсенді, қызыға қатысты. Үйлерінен әкелді. Өзіміздің асханада ішкен сусындарының қақпағын да осында жинады. Тіпті, көшеде аяқ астында жатқан қақпақтарды да жуып, тазалап әкеліп өткізді. Балаларға айналатын тазалығына атсалысып жүруін, пайдаланылған заттарға да екінші өмір сыйлауға, оларды да кәдеге жасатуға болатынын түсіндірдік. Біздің еңбегіміз ақталды, алғашқы үштікке кірдік. Жалпы, біз

балаларға қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды күнде айтып отырамыз. Мектебімізде түрлі қалдықтарды салатын арнайы бокстар орнатылған. Оған сыртындағы жазуларына қарай әр қалдықты жеке-жеке салады. Бізде айналасына, өзін қоршаған ортаға бейжай қарамайтын ұлағатты балалар өсіп келеді, – дейді №143 мектеп-лицейі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дариға Жолдыбаева.

Иә, бұл акция – жеткіншектерді қоршаған ортаны қорғауға үндейтін, оларға еліміздегі экологиялық осындай тың бастамаларды жеткізетін тамаша мүмкіндік. Алматының балалары жинаған бұл қақпақтардан кілтке, сөмкеге тағатын сәндік брелоктар, шыршаға ілетін ойыншықтар, жануарлар бейнесі, тіпті, жап-жасыл шырша да жасалды. Сөйтіп, ештеңе қажеті жоқ сияқты болып көрінетін жәй ғана қақпақтардың өнер туындысына айналуы-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений МУХАМЕДЖАНОВ, эколог, Eco Network жобасының негізін қалаушы:

Балаларды біріктірді

Біз «Мейірімді қақпақша» жобасын қолға алғанда, балалар осыншалықты қызығушылық тудырады деп ойламадық. Тіпті, олар түрлі-түсті қақпақтарды әр жерден, тұрмыстық қалдықтар арасынан да лас күйінде жинап алып, бізге таза күйінде өткізіп жатты. Бұл да жауапкершілікті сезінгендік деп білемін. Ерекше балалар эко-жаттықтырушылардың жетекшілігімен қайта өңделген осы қақпақтардан мерекелік ойыншықтар жасады. Бұл бұйымдарды ірі компаниялар сатып алып, экологиялық бастамамызды қолдап әкетті. Қақпақтарды жинау акциясына үн қосқан мүсінші Талғат Жұмағұл қайта өңделген пластиктен бірегей жанажылдық шырша жасады. Бұл өнер туындысы да экологиялық мәселелерді шешуге деген үміттің символына айналып, қаланы Жаңа жыл қарсаңында сәндендірді. Балалардың осындай кішкентай қадамы болашақта үлкен істерге бастайтыны, табиғаттың нағыз жанашыры болатыны сөзсіз.

на тікелей атсалысқан балалар өздерін экология жанашыры ретінде де көрсете білді.

– Біз 120 келі қақпақ жинап, қала мектептерінің арасынан 1-орын алдық. Балалар үйлерінен әкелді. Бұл акция туралы туыстарын да хабардар етті. Біз де, мұғалімдер де атсалыстық. Табиғат үлкен-кіші бірігіп қамқорлық танытқанда ғана таза болатынын насихаттадық деп ойлаймын, – дейді №6 мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Роза Сәуленбайқызы.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде қолға алынған «Мейірімді қақпақша» алдағы уақытта да жалғасын табады дейді ұйымдастырушылар.



Жыл қорытындысы:

БІР ЖЫЛ, ТӨРТ БАҒДАР

Бірнеше күннен кейін 2024 жыл да тарих қойнауына кетеді. Бір жыл ішінде Қазақстанда біршама маңызды саяси оқиғалар орын алды. Олардың бәрі еліміздің ішкі және сыртқы саясатына ықпал етті. Бір жыл ішіндегі елеулі оқиғалар саны тым көп, сондықтан оларды төрт бағдарға жіктедік. Сонымен, өтіп бара жатқан жылдың маңызды саяси оқиғалары қандай? 2024 жыл қазақстандықтар үшін несімен есте қалды?

Президент сапарлары

Ең алдымен, Мемлекет басшысы қатысқан ішкі және сыртқы саяси оқиғаларға келсек, биыл Президент Катар, Әзербайжан, Сингапур, Тәжікстан, Моңғолия және Мажарстанға мемлекеттік сапармен, ал Италия, Армения, Түрікменстан, Сербияға ресми сапармен барды. Жалпы айтқанда, еліміздің Президенті 2024 жылғы қаңтар–қараша айларында әлемнің 18 еліне халықаралық сапармен барып қайтты. Боао Азия форумының пленарлық сессиясына, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысына, Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми, ресми саммиттеріне, ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің басқосуына, «БРИКС+» саммитіне, COP29 Дүниежүзілік климат саммитінің аясындағы кездесулерге қатысты. Мұның бәрі еліміздің көпжақты саясатты ұстанатынын дәлелдейді. Қала берді, екі жақты қарым-қатынастардың деңгейін көрсетеді.

Халықаралық ресми кездесулер

Бұдан бөлек, биыл Президенттің және өзге де лауазымды тұлғалардың қатысуымен елімізде біршама маңызды



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

халықаралық шаралар өтті. Оның ішінде атап өтер болсақ: Әзербайжан, Қырғызстан, Корея Республикасы, ҚХР, ГФР, РФ басшылары мемлекеттік және ресми сапармен келді. Сонымен қатар, ШЫҰ саммиті, «ОА+Германия» саммиті, Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VI Консультативтік кездесуі, ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің сессиясы секілді халықаралық шаралар ұйымдастырылды. Алматыда Армения мен Әзербайжан СІМ басшыларының келіссөзі өтті.

Ішкі саясат

Биыл республикалық деңгейдегі бірнеше ішкі саяси оқиғаларды атап өтуге болады: наурыз айында бұрынғы Үкімет таратылып, атқарушы билік жаңа құраммен жұмысқа

кірісті. Жаңа Үкімет жасақталды. Бұл бір жағы Үкіметтегі дағдарыстың белгісі болса, екінші жағынан жаңа құрам мүшелеріне сын. Жұмыс нәтижесін жұмысқа кіріскеніне бір жыл өткенде қорытындылай аламыз. Бұдан бөлек, 15 наурызда Атырауда Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өтті. Бұл шара идеологиялық саладағы маңызды оқиға болды. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясы да өтті. Сессия ұйымның 30 жылдығы алдында ұйымдастырылды.

Тағы бір маңызды оқиғаны атап өткен жөн. Бұл, әрине, Мемлекет басшысының 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. Жолдауда Үкіметке тапсырмалар берілді. Оның орындалу деңгейін келер жылы тамызда біле аламыз.

Қоғамдық оқиғалар рейтингі

Төртінші топқа еліміздегі қоғамдық-саяси маңызды оқиғаларды сұрыптадық. Мұндай жіктеудегі басты мақсат – қоғамға әсер еткен оқиғаларды анықтау. Біз түзген рейтинг төмендегідей: су тасқыны; АЭС салу бойынша референдум; бірыңғай уақыт белдеуіне өту; Бишімбаев ісі бойынша сот; теңгенің құнсыздануы; Париж олимпиадасы; Талғардағы оқиғалар; Ұлттық қордан балаларға түскен қаражат; Алматыдағы жер сілкінісі; V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны.

Аталмыш оқиғалар қоғамға әсер етіп, ақпараттық кеңістікте жиі айтылып, талқыланды. Олардың бір бөлігі өзінің өзектілігін жоғалтса, басым көбі әлеуметтік үдерістерге әлі күнге дейін әсер етуде. Тіпті, алдағы орта және ұзақ уақыттық перспективада әсер етуі мүмкін.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

ЖЕҢІМПАЗ АЙДАРЫНАН ЖЕЛ ЕСІП ТҰР

Трамп инаугурациясына миллиондаған қаржы аударуға уәде еткен қалталылар кімдер?

Ірі компаниялар кімнің айналасына топтасуда?

АҚШ-тың 47-ші президентін ұлықтау рәсімі 20 қаңтарға жоспарланған. Осы шараға кімдердің қатысуы, кімдердің қолдау көрсетері де біршама сұраққа жауап бермек. Бұған дейін Трамптың ашық сынаушылары қатарында белгілі кейбір ірі компаниялар Трамп айналасына топтаса бастағанын байқаймыз. Айталық, әлемге әйгілі Amazon компаниясының бас директоры Джефф Безос, Meta бас директоры Марк Цукерберг және OpenAI бас директоры Сэм Альтман сынды танымал миллиардерлер бұған дейін Трампқа қарама-қарсы саяси партиялардың қолдаушысы, Трамптың сыншысы ретінде белгілі. Ал осы аталған қалталылар Трамптың инаугурациясына миллиондаған қаржы аударуға уәде етті.

Егер біз АҚШ-та өткен 2016 жылғы және 2020 жылғы сайлауларды еске алатын болсақ, Калифорниядағы жаңашыл компаниялар, Уолл-Стриттегі қаржы алыптарының басым көбі Трампқа қарама-қарсы майданда тұрғанын көрер едік. Бұның өзіндік дәстүрлі себебі де бар. Айталық, Америка қоғамында имигранттардың табысты компаниялары көп жағдайда демократтарды қолдау арқылы өз бизнестерінің дамуына жол ашып келген. Бұл ресми расталатын жайт болмаса да, алдыңғы екі кезекті сайлаудан аңғару қиын емес. Ал Трамптың сайлау кезінде Демократтарды ойсырата жеңуі ірі компаниялардың «есін жиғызғандай» болды. Осыған дейін мыңдаған жұмыскерімен бірге Демократиялық партияны қолдаған әрі сайлауға қыруар қаржы аударған бизнесмендер де соңғы жеңімпазбен ымыраласпауға шарасыз.

Бұл қатарда жоғарыдағы Amazon, Meta, OpenAI компанияларын, тіпті Google компаниясын да қосуға болады. Миллиардер Безос соңғы сәтте Демократтарға да, Республикашылдарға да жақтаспай, бейтарап қалатынын білдіруімен Трампқа ыңғай

Соңғы жылдары әлемдегі ірі күш орталықтары халықаралық қарым-қатынастардың жаңа ережесін қалыптастыруға барын салып жатыр. Сондықтан ірі державалардың әрбір қадамы келесі бір тараптың жіті бақылауында. Мысалы, қарашадағы сайлауда жеңіске жеткен Дональд Трамптың Ақ үйдегі ресми қызметін бастауына әлі бір айға жақын уақыт бар. Бірақ оның командасына қосылып жатқан әрбір саяси фигураларды ақпарат құралдары жіті бақылап қарап отыр. Біз де бұған дейінгі сараптамаларымыздың бірінде Вашингтонның алдағы үлкен саясатын Трамптың командасына қарап болжауға болатынын айтқан едік. Қазірге дейін АҚШ-тың жаңа президентінің тобы толығып, қатары түгелделіп қалды. Сондықтан олардың саяси келбетіне қарай отырып, бірқатар маңызды тақырып жөнінде өз болжамдарымызды ұсынбақпыз.

бергенін жеткізді. Ал Марк Цукерберг Трамппен шай үстінде кеңесіп, оны өз компаниясы арқылы кең жария етті. Ал осы Цукербергтің компаниясы кезінде Трамптың аккаунтын жауып тастағаны бар. Трамптың ең қатаң сыншысы, оған қарсы саясаткерлердің негізгі пікір алаңы болып келген ABC News арнасы да Трамп алдында жеңілгенін мойындағандай болды. Осының бәрі АҚШ қоғамындағы саяси климатты анықтауға мүмкіндік береді. Яғни қазір Трамп үшін өз саясатын жүзеге асыру үшін ішкі кедергілер барынша жеңілдеді, тіпті оның алдында даңғыл жол жатыр десе болады.

Сын-пікірлер азайды

Бұған дейін Трамп жаңа үкімет құрамына ұсынған кейбір талапкерлерге қатысты сын-пікірлер көп еді. Тіпті, оның Республикашыл партияластары да жаңа үкімет құрамындағы тұлғаларға сенімсіздік танытқан. Партия ішіндегі қарсы пікір бұл адамдардың мүмкіндігін төмендетіп тұрған. Бірақ қазір жағдай өзгерді. Трамптың қазіргі ықпал-беделі оның 2016 жылғы сайлаудан кейінгі деңгейінен әлдеқайда асып түсті. 2016–2020

жыл аралығында президент болып тұрған шағында Трамптың ақпарат құралдарына қарсы сын-пікірі көп жағдайда өзіне таяқ болып тиетін. Қазір оны сынаушы ақпарат құралдарының бірқатары тараптасына айналды. Тіпті, ол қазір осыған дейін өзін сынап келген ақпарат құралдарынан тартып, миллиардер тұлғаларды да қорқыта алады.

Құрама Штаттардағы Трамптың беделінің жоғарылауы Республикашыл партияластарының шешімдеріне де әсер етіп жатқаны байқалады. Бұл жағдай ол ұсынған үкімет мүшелеріне қатысты сындарды кері қайтарып тастағандай. Айталық, Пентанон басшысы ретінде ұсынған Пит Хегсетке қатысты жағдай осыны анықтайды. Пит Хегсет бұған дейін Fox News арнасының жүргізушісі болған, АҚШ-тың қорғаныс саясатын ашық сынаумен танымал еді. Оның Қорғаныс министрі болуына қарсы Республикашылдардың саны да басым болып келген. Трамп өз шешіміне қарсы партияластарын да өз беделімен қорқытып жатқандай. Қазір Хегсеттің кандидатурасына қарсылар азайды, әрі оны болашақ бес бұрышты сарайдың жетекшісі ретінде көретіндер басым бола түсті.

Қалыпты дағды

Трампы қазір айдарынан жел есіп тұр десек, артық емес. Кейбір беделді саясаткерлер оны ұлықтау рәсіміне қатысудан бас тартты, оған қарамастан инаугурациясы салтанатты болары сөзсіз. Бұған қарап елде Трамп командасына балама күш жоқ десек артық болар еді. Себебі, бұл – Америка. Онда саяси жүйенің жүздеген жылдық тәжірибесі бар әрі балама күштерді сақтап отырудың толық мүмкіндігі бар. Кейбір сарапшылар инаугурацияға дейін жаңа президенттің абырой-беделінің артуы елдегі дәстүрлі дағды дегенді айтады. Ал жаңа президент ресми қызметіне кіріскеннен кейін түрлі кедергілер кездесуі мүмкін.

Алғашқы кедергілер оның алғашқы саяси қадамдарынан басталмақ. Айталық, Трамп қызметке кірісе сала заңсыз мигранттарды массалық депортациялау шешімін қабылдайтынын айтқан. Бұл елдегі құқық қорғаушылар жағынан ең көп қарсылыққа ұшырайтын бастама болары анық. Демократтар да Трамптың бұған дейінгі мигранттарға қатысты қатаң саясатына қарсылық көрсете білген. Сонымен бірге, сауда серіктеріне жоғары тариф енгізу мәселесі де түйткілдің бірі. Құрама Штаттың түбір мүддесін көздейтін саясаткерлер бұған да күшті қарсылық көрсетуі бек мүмкін. Осыған қарамастан Трамп қазіргі «супер-жаңа командасымен» жалпы әлемдік геосаясатқа зор ықпалын көрсетпек.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

1983 жылғы құбыр желісі
Трубопровод 1983 годаЖаңа салынған құбыр желісі
Новый замененный трубопровод

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Алматы ауданында 2024 жылы жүзеге асырылған маңызды нысандарға арналған баспасөз туры өтті.

Аудан әкімі Арман Шамшиннің қатысуымен БАҚ өкілдеріне арналған пресс-турда журналистер «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жаңартылған Панфилов көшесін, абаттандырылған «АЗТМ», «Шипа Дент» скверлері мен күрделі жөндеуден өткен М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназияны аралап көрді.

Алдымен журналистер Алматының ең танымал жаяу жүргіншілер көшелерінің біріне айналған Панфилов көшесінде атқарылған жұмыстармен танысты. Күн сайын көшеде шамамен, 10–15 мың адам жүреді, ал демалыс күндері бұл көрсеткіш бірнеше есеге артады. Мұндай жүктеме жол жабыны мен декоративті элементтерге әсер етеді. Сол себепті, 2017 жылдан бері алғаш рет жол жабындысын жөндеу және жасыл аймақты ұлғайту туралы шешім қабылданды. Қыркүйекте 2000 шаршы метр брусчатка ауыстырылып, жаңа орындықтар мен 2 балалар алаңы орнатылды, субұрқақтар жөнделді. Жасыл аймақ 20%-ға кеңейтілді.

Пресс-турға қатысушылар одан кейін Байзақов көшесі, 130 мекенжайында орналасқан М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназияға барды. Онда БАҚ өкілдерін мектеп директоры Талғар Төрекұлов қарсы алып, ғимараттың тыныс-тіршілігімен таныстырды. Спикердің айтуынша, мектепке 35 жыл бойы күрделі жөндеу жүргізілмеген. 2024 жылдың 2 қазанында жөндеу толығымен аяқталып, 750 оқушы заманауи және жайлы сыныптарда білім алуға.

Баспасөз-туры аясындағы үшінші нысан – «Шығыс АЗТМ» сквері болды. Аудан әкімінің айтуынша, бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды. «Но-



мад» тұрғындары көгалдандыру мен суару жүйесін орнатуға өтініш білдірген. Барлық жұмыстар толық орындалды. Тұрғындар бұл аумақты Алмалы ауданының ең әдемі сквері деп атап отыр.

– «Номад» ТК тұрғынымын. Маған бұл жердегі ең қатты ұнайтыны – жасанды тоған. Онда жаз кезінде лотостар отырғызылады. Мұнда балалар ойнайтын алаң, спорт алаңдары секілді барлық қажетті жабдықтар бар. Сквер өте жайлы әрі қауіпсіз, – дейді аудан тұрғыны Алена Шин.

Соңғы барған нысанымыз Розыбакиев көшесі мен Дүйсенов көшелері қиылысында пайда болған «Шипа Дент» сквері болды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында абаттандырылған аймақта бұрын жабайы сауда мен ретсіз көлік тұрағы болған. 2023 жылы тұрғындар өтініш білдірген соң көгал, ағаштар отырғызылып, автосуарғыш орнатылды. Орындықтар, тренажерлер, пергоалар, балалар алаңдары, жүгіру жолдары және стильді жарық шамдары қойылды.

– «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы – тамаша жоба. Бұрын адам айтса сенгісіз стихиялық сауда орны болған жер бүгінде адам таны-

мастай өзгеріп, тұрғындардың бос уақытын өткізуге арналған арнайы абаттандырылған кеңістікке айналды. Халық үнін естіп, өтінішімізге құлақ асқан қала билігіне, аудан әкімдігіне алғыс айтамыз. Бізде жаяу жүргіншілер жолы, балалар ойнайтын алаң, қолайлы орындықтар, бәрі бар. Сквер кешке қарай жарқырап тұрады, – дейді аудан тұрғыны Әсел Нұрғазина.

Тур барысында аудан әкімі Арман Шамшин жүзеге асырылған жобалардың маңыздылығын айта келіп, журналистердің сауалдарына жауап берді.

– Соңғы жылдары Алматының көркеюіне «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының әсері көп. Жоба демалыс аймақтар мен қоғамдық кеңістіктерді жақсарту, сондай-ақ, қаланың экологиялық жағдайын арттыру мақсатында маңызды рөл атқарады. Біз әрқашан аудан тұрғындарының бастамаларын қолдаймыз, – дейді аудан әкімі Арман Шамшин.

Айта кетейік, Алмалы ауданында 2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 34 жоба жүзеге асырылса, биыл барлығы 52 жоба іске қосылған.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



ҚҰБЫР ЖАҢАРДЫ

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда Саин – Төле би – Өтеген батыр – Райымбек көшелерінің ауқымындағы аула іші аумағы бойынша төселген құбыр ауыстырылды. Биыл жаңғыртылған учаскенің ұзындығы 901 метрді құрайды.

Ауыстырылған құбыр 1983 жылы пайдалануға берілген еді, ол 17 көппәтерлі тұрғын үйді, 2 жеке тұрғын үйді, 1 балабақшаны және басқа да 4 нысанды жылу және ыстық сумен қамтамасыз етіп отыр.

Жалпы, биыл қалада Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен ұзындығы 20 шақырым жылу желілері қайта жаңғыртылды. Жаңғырту жұмыстары жыл сайын жылытуаралық кезеңде жүргізіледі, биыл олар Алматы қаласының 6 ауданында атқарылды.

Естеріңізге сала кетейік, қозғалысты шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram-арнасында, аудан әкімдіктері мен басқармаларының әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ «2GIS» және «Яндекс карталары» сервистерінде орналастырылған.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

«Көкжиек» ықшамауданы:

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ –
басты назарда

Мемлекет басшысының баспана мәселесін шешу туралы тапсырмасы аясында Жетісу ауданының аумағында «Көкжиек» ықшамауданы ашылған еді. Бір кездері бос жатқан жерлерге көпқабатты үйлер бой көтеріп, әлеуметтік нысандар салынды.

Бүгінде ықшамауданда 74 үй, 14 аула аумағы, 9 мыңнан астам тұрғын иелік ететін 3090 пәтер бар. Ықшамаудан аумағында 2022 жылы «Бюджетке қатысу» жобасы аясында «Жаяу жүргіншілер аймағын күрделі жөндеу» жобасы жүзеге асып, ықшамаудан жолдары асфальтталып, жиегіне тас төселді. Аулаларда балалардың спорт алаңдары, субұрқақ, арт-нысандар орнатылды. Сонымен қатар, жарықтандыру, орындықтар мен қоқыс салатын

жәшіктер орналастыру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесі бойынша ықшамаудандағы аулалар 100% жабдықталды.

– «Көкжиек» ықшамауданына қарасты аулаларда 2024 жылдан бастап арнайы мердігерлік ұйым қызмет көрсетеді. Ықшамауданға қарасты аула аумағын жинау үшін күн сайын 25 адам, 2 арнайы техника қарастырылған. Бұған қоса, қазіргі қысқы кезеңде 25 адам, 10 бірлік арнайы техника жұмыс жасап жатыр. Алағашы 2025 жылғы бюджет есебінен 300 млн теңге бөлініп, аула аумақтарын жөндеу жоспарланып отыр. Жүргізіліп жатқан жұмыстың барлығы ықшамаудан тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз етпек, – дейді аудан басшысы Ләззат Жылқыбаева.

жетілдіруге бағытталып отыр. Аталмыш №97 мектеп-гимназиясы бұл бағытта пилоттық алаң ретінде таңдалып, мұғалімдерге цифрлық сауаттылық негіздерін үйрету және тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді.

Семинар барысында ұжым мүшелері «Цифрлық платформаларды қолдану», «Оқушы деректерінің құпиялығын сақтау», «Киберқауіпсіздік шараларын енгізу» сияқты маңызды аспектілерді талқылады.

Алматының цифрландыру саясаты білім беру жүйесінде тек технологиялық ілгерілеуді ғана емес, сонымен қатар оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді көздейді. Семинарда мұғалімдер Оқушылардың интернеттегі қауіптерден қорғау, Цифрлық құралдар арқылы оқушылардың әрекетін бақылау, Әлеуметтік желілерде және басқа да платформаларда қауіпсіздікті сақтау бойынша тәжірибе жинақтады.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

АХАТ ҚЫЗМЕТІ

НЕКЕ ҚИЮ

онлайн-режимінде де қолжетімді

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы филиалының нақты мәліметінше, елімізде Алматы қаласы некелесу бойынша алғашқы орында тұр. Мәселен, тек осы жылы ғана 19 778 жас жұбайлар отау құрып, заңды некеге тіркелген.



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматының АХАТ бөлімдерінде күніне 160-қа жуық жұп некесін қидырып, жұбайлық өмірге қадам басып жатса, олардың орташа жасы ерлер үшін 27 жас, ал әйелдер үшін 25 жас екен.

– Біздің елімізде «ҚР «Неке және отбасы туралы» Кодексінің 10-бабына сәйкес, неке жасы еркектер мен әйелдер үшін он сегіз жас болып белгіленген. Дегенмен, заң ортақ бала болғанда немесе жүктілік кезінде бұл жасты төмендетуге мүмкіндік береді, – дейді Әуезов аудандық АХАТ бөлімінің басшысы Гүлзия Бәйімбетова.

Әттең-айы, қаламызда ажырасуға өтініш бергендердің де саны азаймай отырған сыңайлы. Дәл осы жылдың өзінде жыл басынан бері 4429 жұп некесін бұзды. Әдетте, АХАТ қызметкерлері ерлі-зайыптыларға ажыраспас бұрын олардың ақылда-

сып, ымыраға келулері үшін 1 ай уақыт береді.

Бұл ретте АХАТ қызметкерлері «Көбіне ажырасуға жастар өтініш беріп жатады. Біз барынша некені сақтап қалуға тырысып, олардың ойлануына уақыт береміз. Бірақ сол өтініш берген 10 жұптың, 3-4 жұбы қайтып келмейді, – дейді.

• КЕРЕК ДЕРЕК

Неке қию туралы өтінішті 15 күн бұрын беру керек. Қазіргі таңда қызметтің бұл түрі электронды үкімет порталы немесе екінші деңгейлі банктердің қосымшалары арқылы онлайн-режимінде де қолжетімді. Сонымен қатар, егер жас жұбайлар АХАТ бөлімінде некелерін салтанатты түрде қиятын болса, бұған тапсырыс берулеріне болады. Қазір бұл пилотты жоба Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Қызылорда және Ақмола облыстарында жүзеге асырыла бастады.

Семинар-тренинг:

ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Алматы қаласының цифрландыру саласындағы маңызды бастамаларының бірі – білім беру мекемелерінде цифрлық сауаттылықты дамыту.

Осы бағытта жаңадан ашылған №97 мектеп-гимназиясы алғашқы қадамдардың бірін жасады. «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының Алматы қаласы бойынша филиалы бұл мектепте мұғалімдерге арналған «Команда құру және цифрлық сауаттылық бойынша кәсіби дағдыларды дамыту» атты семинар-тренинг

өткізді. Семинар қаланың цифрландыру саясатының білім саласындағы нақты жүзеге асырылуын көрсетеді.

Алматы қаласы әкімдігінің цифрландыру басқармасы білім беру жүйесінде технологияларды кеңінен қолдануды қолдайды. Семинар барысында мұғалімдер цифрлық құралдарды пайдалану, оқыту процесінде қауіпсіздікті сақтау және деректермен жұмыс істеу бойынша маңызды дағдыларды меңгерді. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – мектеп ұжымдарын цифрлық трансформацияға бейімдеп, оқушылардың қауіпсіз және тиімді білім алуына жағдай жасау.

Алматы қаласының «Жайлы мектеп» жобасы цифрлық технологияларды енгізу арқылы оқу-тәрбие процесін



Серік АХМЕТҰЛЫ:

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАМАНЫ БОЛМАЙДЫ

Егер өз ісіңнің шебері болғың келсе, мамандығыңа адал бол!

Қоғамда елеусіз ғана жүріп, пайдасын тигізіп жүретін адамдар болады. Бұл мақаламызды еңбекқорлық пен қажыр-қайратын ел игілігіне арнап, «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Су бұру департа-ментінде 37 жылға жуық абыройлы еңбек етіп келе жатқан қарапайым еңбек адамы – Серік Кебекпаевқа арнамақпыз.



Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Алматыда ауқымды жұмыстар атқарып жатыр. Бірақ қалада әлі де 50–60 жыл бұрын салынған, қолдану мерзімі өтіп, тозығы жеткен керамикалық құбырлар бар, – дейді ол.

«Кәсібилік көп жылғы тәжірибемен келеді...»

– «Алматы Су» МКК-де еңбек етіп келе жатқанымға биыл 37 жыл. Мекеме қаланы үздіксіз сумен және су бұру қызметтерімен қамтамасыз ету үшін дамылсыз қызмет етеді. Біз де тәуліктің кез келген уақытында, күн-түн демей жұмыс істейміз. Қазіргі таңда өзімізге бекітілген аймақтардың кәріз жүйесіне жауаптымыз. Алматыда қанша аудан болса, солардың барлығында кәріз жүйесін қадағалайтын бөлімшелер жұмыс істейді. Әр бөлімшенің өзінің басшысы, инженерлері, диспетчерлері мен тексеруші мамандары болады. Одан бөлек, кәріз жүйесінің ақаусыз жұмыс істеуін қадағалап, түнгі ауысымда кезекшілікте болатын апатты бригадалық топ бар. Біздің бөлімшеде штаттық кесте бойынша 56 адам жұмыс істейді. Біздің басты міндетіміз – Алматының кәріз жүйелерінің үздіксіз, сапалы жұмысын қамтамасыз ету. Қаланың кәріз жүйелерінің қауіпсіздігі – ең алдымен шаһар тұрғындарының жайлы тұрмыс-тіршілігінің кепілі, – дейді Серік Ахметұлы.

Жүйе тұрақты, үздіксіз бақылауда

Кәріз жүйесі мамандары қала инфра-құрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін еңбек адамдары. Олардың күнделікті жұмысы қиын, бірақ қоғам үшін өте пайдалы. Өңгіме барысында біз Серік Ахметұлынан кәріз жүйесі маманының бір күні туралы айтып беруін өтіндік.

– Кәріз жүйелерінің қауіпсіздігі – қала тұрғындарының жайлы тұрмыс-тіршілігінің кепілі. Жұмыс күніне дайындық таңертең бөлімше мамандарының күндіз жоспарды талқылауынан басталады. Жоспарға жүйені тексеру, ақауларды жөндеу немесе жаңа нысандарға қызмет көрсету секілді қызмет түрлері кіреді. Одан кейін мамандар киімдерін, қолғаптар, аяқкиімдер, респираторлар және басқа да жабдықтарды тексереді. Арнайы көліктердің, құбыр тазалағыш құралдардың, сорғы құрылғылары мен шамдардың да жарамдылығы тексеру-ден өтеді. Егер кезекші бөлімше қоңырау түссе, бригада бірден жұмысқа жөнеледі. Оқиға орнына жеткен бойда кәріз жүйесін тексеріп, бітеліп қалған құбырды тазалайды. Тоқтатып айтқанда – кәріз жүйесі тұрақты, үздіксіз бақылауда! Негізгі жұмысты слесарь немесе техник жасайды. Жұмыс кейде бірнеше сағатқа созылып кетуі мүмкін, ал кейде 10–15 минуттың айналасында бітеді. Кейіпкеріміздің айтуынша, мекеме тарапынан жұмысшылардың қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау сынды оқу-жаттығу жұмыстары жүйелі жүргізіліп тұрады.

– Тіршілігі тынымсыз мекеменің жұмысы сырт көзге байқала бермес. Бірақ мұнда күн-түн демей жұмыс қызып жатады. Мәселен, Орталық диспетчерлік бөлімге қала тұрғындарынан өтінімдер келіп түссе, ол мекен-жайына қарай аудан бөлімшелеріндегі операторларға хабарланады. Содан соң жұмыстың көлеміне, әлеуметтік маңыздылығына байланысты шұғыл түрде бригадалық топтар жұмыс алаңына жіберіледі. Бір жерлерде кәріздерді жөндеу керек болса, енді бір нысандарда құдықтарды өңдеуге тура келеді.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

Алматылық Серік Ахметұлы мектепті бітірген соң шаһардағы құрылыс техникумының «Сумен қамту және кәріз желілері» факультетіне оқуға түседі. Жас маман қолына дипломын алғаннан кейін 1985 жылы бұрын «Водоканал» деп аталатын қазіргі «Алматы Су» МКК-не жұмысқа орналасады. Алғашқы екі жылын автослесарь, кейін су шаруашылығының көліктерін жөндейтін маман болған ол кейін аудандық бөлімшеде инженер болып еңбек етеді. Су шаруашылығы саласында 1985 жылдан күні бүгінге дейін табан аудармастан жұмыс істеп келе жатқан Серік Ахметұлы өз ісін жетік білетін маман, ұжымында сыйлы жолдас, жас мамандарға үлгі бола білген тәлімгер. Бүгінде ол аталмыш мекеменің Су бұру департаменті Оңтүстік-батыс пайдалану учаскесінің Аудандық апаттық бригада ауысым инженері.

Салғырттық қауіпті күшейтеді

Кейіпкеріміз құбырлардың бітелуі, істен шығуы немесе апатты жағдайлардың туындауына көбінесе тұрғындардың салғырттығы себеп болады дейді. Оның айтуынша, шақыртулар әсіресе көктем-жаз айларында көп болады. Арнайы топ барлығына қолдарынан келгенше уақытылы баруға тырысады. Бірақ кейде қаланың о шетінен бұл шетіне жеткенше, тағатсыздық танытып, ашуға басатын тұрғындар да кездеседі.

– Көпшілігіміз краннан аққан су трубалар арқылы ағып кетсе болды деп ойлайды. Бірақ бұл Сіз ойлағаннан да қиын жұмыс. Кәріз жүйесі кейде тіпті кіп-кішкентай майлықтан бітеліп қалады. Жасыратыны жоқ, апатты жағдайлардың туындауына көбінесе тұрғындардың өздері кінәлі болады. Жуынды, қоқыс қалдықтарын, балаларының жөргектерін, пластикалық бөтелкелерді құбырларға тастайды. Мұның барлығы желілердің қалыпты жұмысына кедергі келтіреді. Кәріз бітелгенде, жағымсыз иіс пайда болады. Мұндай салғырттықтан қоршаған орта да зардап шегеді.

Сондықтан әрбір алматылық біздің жұмысымызға кері әсер ететін әрекеттерді жасамаса екен дейміз. Егер әрбір тұрғын, әрбір отбасы қалдықтарды сұрыптауды, оларды белгіленген жерге тәуді қолға алатын болса, бүкіл қоғам, Алматы экологиясы, сіз бен біз бұдан тек пайда көрер едік...

Кәріз жүйесінде даму бар

Біздің кейіпкеріміз «Алматы Су» МКК-да жұмыс істеп жүріп, мегаполистің барлық аудандарында еңбек еткен. Қаланың инженерлік коммуникацияларын дамыту перспективаларын әзірлеуге қатысып, жаңа желілерді пайдалануға қабылдауға тікелей атсалысқан. Тәжірибелі маман бүгінгі күнге дейін жүздеген жас маманға жауапты жұмыстың қыр-сырын үйретіп, тәжірибесімен бөлісуден жалыққан емес. Ол Алматының кәріз жүйесінің осыдан 15 жыл бұрынғы жағдайымен қазіргі жағдайын салыстыру мүмкін емес екенін айтты. Маманның сөзінше, жаһандану дәуірі бұл саланы да сандық жүйедегі жаңашылдықтардан кенде етіп отырған жоқ.

– Соңғы онжылдықтарда Алматының кәріз жүйесі қарқынды даму үстінде. Қазір қаланың жеке секторы мен көпқабатты

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

ҚАЛА БОЙЫНША КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ ЖАУАПТЫ АУДАНДЫҚ ПАЙДАЛАНУ УЧАСКЕЛЕРІ:

● **О р т а л ы қ А П У.**
Ботаническая көшесі, №29 А мекенжайы бойынша орналасқан.
Байланыс телефоны: 234-32-89.

● **Солтүстік-шығыс АПУ.**
«Атырау-2» ы/а, №1 мекенжайы бойынша орналасқан.
Байланыс телефоны: 399-44-39.

● **Оңтүстік-батыс АПУ.**
«Жетісу-3» ы/а, №37 мекенжайы бойынша орналасқан.
Байланыс телефоны: 376-84-23.

● **Солтүстік-батыс АПУ.**
Ботаническая көшесі, №29 А мекенжайы бойынша орналасқан.
Байланыс телефоны: 234-31-62.

● **Оңтүстік АПУ. Ходжанов көшесі, 84 мекенжайы бойынша орналасқан.**
Байланыс телефоны: 245-89-88.

тұрғын үйлері орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылған. Құбырлар жаңартылып, қолданатын құралдар да заманға сай жабдықталып жатыр. Мекеме сандық жүйеге ауысқалы бері, автоматтандырылған режимде жұмыс істейді. Әйтпесе, бұрын Алматыда кәріз желілері негізінен көпқабатты тұрғын үйлерде ғана болған, ал жеке сектор септиктерді пайдаланған. Қазір дренаждық желілерді тазартудың және жуудың заманауи техникасы бар, жұмысшылар кез келген бітелуді тазартатын қуатты машиналарды пайдаланады. Қала әкімдігі мен «Алматы Су» басшылығы инженерлік желілер мен жабдықтардың тозу деңгейін төмендету бойынша

Кез келген еңбек қадірлі

Жаздың аптап ыстығы мен қыстың қақаған аязы секілді қолайсыз ауа райында апатты жағдайлармен бетпе-бет келіп, қауіптің алдын алуда білек сыбана кірісетін білікті маманның кәсібилігі көп жылғы тәжірибемен келеді дейді.

– Жұмыстың жаманы болмайды. Кез келген еңбек қадірлі. Егер өз ісіңнің шебері болғың келсе, мамандығыңа адал болуың керек. Әрине, ешкім оқып туған жоқ қой. Алғашқы жылдары менің де білмейтін тұстарым көп болған. Сол кездегі аға буыннан білмегенімізді сұрап үйрендік. Ал қазір өзіміз үйрететін жасқа келдік. Міне, кәсіби біліктілік осындай көп жылғы еңбек пен тәжірибе арқылы келеді.

Серік Ахметұлы жұбайы Жұмагүл апай екеуі екі ұл тәрбиелеп өсірген бақытты отбасы. Үлкен ұлы Жасұлан, үш баланың әкесі. Астанада тұрады. Ал екінші ұлы Нариман өзінің жолын қуып, Алматының жылу желілері саласында еңбек етеді.

Міне, кәріз жүйесі маманының бір күні түрлі осындай күрделі жұмыстармен, ақауларды жою және қауіпсіздік шараларын сақтаумен өтеді. Қала тұрғындарының жайлы өмірі мен санитарлық тазалығына жауап беретін қарапайым еңбек адамдары осындай ауыр және жауапты жұмыстары үшін қашанда ерекше құрметке лайық.

КЕРЕК ДЕРЕК

«Алматы Су» МКК-нің кәріз жүйесі 2071,36 шақырымды құрайды және қалада 77 290 кәріз құдығы бар. Бұл жүйенің ақаусыз жұмыс істеуіне 5 аудандық пайдалану учаскелері, оның ішінде 28 апаттық бригадалық топ және 715 жұмысшы жауапты.

ТҮЙІН:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында келер 2025 жылды Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялады. Бұл дегеніміз, алдағы жыл – барлық салада жұмыс істеп жүрген қарапайым еңбек адамдарының қоғамдағы рөліне құрмет көрсетуге, олардың өмір сапасын жақсартуға және еңбек мәдениетін дамытуға бағытталады деген сөз.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы №183 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2024 жылғы 19 желтоқсанда №204144 болып тіркелді.

ШЕШІМ	№183
2024 жылғы 6 желтоқсан	

Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6, 7-бап-тарына, «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Алматы қаласының 2025–2027 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2025 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 2 036 440 396 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 1 837 018 303 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 8 433 070 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 21 816 667 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 169 172 356 мың теңге;
2) шығындар – 2 127 462 499 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 39 233 350 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 46 945 608 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 47 137 108 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -177 201 061 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 177 201 061 мың теңге.
2. Алматы қаласы бюджетінің кірістері мынадай салықтар мен алымдар есебінен құралады деп белгіленсін:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығынан; төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан; төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығынан; төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығынан;

әлеуметтік салықтан;
заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салықтан;
жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықтан;
жер салығынан;
заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан;
жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салықтан;
бірыңғай жер салығынан;
Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің және (немесе) шарап материалының, алкоголь өнімдерінің барлық түрлеріне акциздер;
Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі өнімдері, жеңіл автомобильдер (арнайы мүгедектігі бар адамдарға арналған, қолмен басқарылатын немесе қолмен басқару бейімдегіші бар автомобильдерден басқа) акциздер;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдерден;
жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемнен;
қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақыдан;
тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемдер;
жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алымдардан (жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды бергені үшін алымдардан);

Республикалық маңызы бар қалада, астанада үй-жайлардан тыс ашық кеңістікте сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;
жергілікті бюджетке төленетін тіркелгені үшін алымнан;
жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алымнан;
қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақыдан;
жергілікті бюджетке төленетін мемлекеттік баждан.

3. Сонымен қатар, Алматы қаласы бюджетінің кірістері мынадай салықтық емес түсімдерден және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерден де құралады:
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінен;
коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтерден;
коммуналдық меншіктегі заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістерден;
республикалық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістерден;

республикалық маңызы бар қаланың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістерден;
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін қызметтерді сатудан түсетін түсімдерден;
бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттарды қайтарудан;
білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан түсетін түсімдерді қоспағанда, жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдерден;
жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер;
азаматтарға пәтерлер сатудан;
мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді жекешелендіруден түсетін түсімдер;
жер телімдерін сатудан;
жер телімдерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемдерден.

4. Салықтық және салықтық емес төлемдер, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, бюджеттік кредиттерді өтеу Алматы қаласының қазынашылығындағы қалалық бюджеттің есебіне толық аударылады деп белгіленсін.

5. 2025 жылға арналған республикалық бюджетке бюджеттік алымдардың көлемдері 251 515 914 мың теңге сомасында бекітілсін.

Алматы қаласы бюджетінің кіріс бөлігі толық орындалмаған жағдайда, республикалық бюджетке бюджеттік алымдар қалалық бюджеттің кіріс бөлігінің орындалу пайызына сәйкес ай сайын жүргізілсін.

6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 27 879 735 мың теңге сомасында бекітілсін.

